

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 25 шілдедегі N 704

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілердің алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф-22-3/40, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф22-3/5, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000003, 1996 жылғы 23 желтоқсандағы N 002 берілген мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшалар), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалған күнгі бағамдық айырманың өзгеруін ескере отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлесін;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалануда жолсыздықтар фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттің кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған адамдарды жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен мемлекеттік

Экспорт-импорт банкі 1998 жылдың 5 қыркүйегіне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалған заемшыларға

қатысты қабылданған шаралар туралы хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 шілдедегі
N 704 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар
мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі
мерзімі өткен төлемдердің
СОМАСЫ

Заемшы ұйым		Төлем		Төлем		Төлем сомасы
		валютасы		күні		
Жапония несие желісі						
"Қарметкомбинат" МАҚ		JPY		13.05.98		426 350,00
АҚШ несие желісі						
"Кең дала" АҚ		USD		30.06.98		300 000,00
Барлығы:		JPY				426 350,00
		USD				300 000,00
Негізгі борыш						
Проценттер						
Басқалары						
				426 350,00		

		300 000,00	
			426 650,00
		300 000,00	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 шілдедегі
N 704 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар
мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі
алдағы төлемдердің
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем күні	Төлем сомасы
Франция несие желісі			
"Тағам" МАҚ	FRF	01.07.98	5 628 355,64
Германия несие желісі			
"Екібастұзкөмір" МАҚ	DM	01.08.98	691 485,58
АҚШ несие желісі			
"Кең дала" АҚ	USD	20.07.98	1 095 000,00
Барлығы:	FRF		5 628 355,64
	USD		1 095 000,00
	DM		691 485,58

Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
5 210 488,89	417 866,75	
562 110,08	129 375,50	
	1 095 000,00	
5 210 488,89	417 866,75	
	1 095 000,00	
562 110, 08	129 375,50	